

Қазақстан Республикасы Оқу-Агарту Министрлігі
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы
Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі
№51 ЫІ. Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін
мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

06-06

**Ата-аналармен жүргізілген
жұмыс құжаттары
/жоспары, хаттамалары/**

C. Саттаров ауылы

Ата-ананың міндеті:

1. Балаңыздың сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы;
2. Сабактан келген балаңың күнделікті күнделігін тексеріп, көмек көрсету;
3. Мектепішлік ата-аналар жиналысына қатысу;
4. Сыныптың ата-аналар комитетінің тәрайымымен байланыста болу;
5. Балаңыздың мектептегі жағдайын жасау барысында өз еркінізбен оқу-тәрбие іс-шараларына қаржылық көмек көрсету;
6. Мектептегі ашық есік күні балаңыздың сабағына қатысу;

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс неғұрлым тиімді болуы үшін олармен байланыстың әркилы түрлерін қолдану қажет. Кейбір сынып жетекшілері тоқсанның аяғында үлгерім қорытындылары туралы ата-аналар жиналыстарын өткізуімен және оқуға үлгермеуші немесе тәртіпсіз балалардың ата-аналарын барлық уақытта бірдей келісіп әрекет жасамауы мүмкін.

Бұдан басқа сыныпта, мектепте болатын кез-келген жұмыстарға мектепішлік іс-шараларға, сынып жетекшілердің ең бірінші қолдап, демеу көрсететін-сынып оқушыларының ата-аналары. Осыған байланысты сынып жетекші ең бірінші сынып ата-аналар тәрайымымен және сынып ата-аналарымен тығыз байланыста болуы керек. Кез келген мәселенің жауабы ата-аналармен шешімін табуға тиісті. Осы жоспарды барлық сынып жетекшілері бұл мәселені бірлесіп дұрыс жолға қоя білсе, көптеген жұмыстарымыздан жеңілдіктер байқалар еді. Осыған байланысты көптеген ата-аналар сынып жетекшінің ай сайын өткізетін ата-аналар жиналысына келмей де жатады, оқушыныңдың ата-анасымен қалай байланыс жасау керектігі жайлыш шешілетін көптеген жолдары бар.

1. Оқушының жанұясына барып тұру.

Бұл-ата-аналармен жеке жұмыс істеудің неғұрлым кең тараған және тиімді түрі. Жанұяға барғанда сынып жетекшісі өз оқушысының үйдегі өмірімен, тұрмыс жағдайымен танысады. Ата-аналарымен және жанұяның басқа мүшелерімен әңгімелескенде, сынып жетекшісі оқушының мінезі, қызығы мен икемділігі туралы ата-аналарына, үлкендер мен кішілерге қарым-қатынасы туралы мағлұматтар алады.

Ата-аналарын мектепке тек баласы тәртіп бұзғанда немесе жаман оқи бастағанда ғана шақырмау керек. Кейде оқушы өзін жаман ұстамайды, жақсы оқиды, бірақ сынып жетекшісі оның сыныптан тыс оқуын ұйымдастыру, оны қандай да бір қоғамдық пайдалы жұмысқа қатыстыру, оның белгілі бір саладағы дарынын дамытуға қажетті жағдайлар жасау туралы да ата-аналармен келісіп алуы керек. Ата-аналар мектеп мұғалімдерімен кездесіп отыру пайдалы ғана емес, қажет те. Ол кездесулер мектептеген жанұя арасында тығыз байланыс орнатуға, оқушылардың окуы мен тәртібінде кемшиліктерді болдырмауы үшін дер кезінде шара қолдануға мүмкіндік береді.

1. Ата-аналармен хат алмасу.

Кейбір сынып жетекшілері жанұямен байланыста ата-аналармен хат жазысып тұру түрін колданады.

Хат арқылы мектеп оқушысының үлгерімі мен тәртібі туралы хабарлап тұрады.

Кейде хат жазғанда ата-аналардан жанұя тәрбиесіндегі қындықтар туралы сұрауға, бала тәрбиесі жөнінде олар қандай әдебиеттер окитынын біліп, ол жөнінде тиісті жана кітаптар ұсынуға болады.

Ата-аналармен хат жазысуға оқушының күнделік дәптері пайдаланылады. Сынып жетекшілері онда оқушысының окуга, көғамдық жұмысқа қатысты тәртібі туралы кысқаша жазып отырады.

2. Сыныптық ата-аналар жиналышы.

Бұл-сынып жетекшісінің жанұямен байланысының аса-маңызды бір түрі.

Сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының жайымен және міндеттерімен ата-аналарды таныстырып отыру үшін мұндай оқу жылының басында және әрбір тоқсанның аяғында өткізіледі.

Олардың мақсаты ата-аналарды нақтылы педагогикалық біліммен қаруандырып, жанұяды бала тәрбиелеудің алдыңғы қатарлы тәжірибесімен таныстырып отыру болып табылады. Біз, сынып жетекшілері ен бірінші өзіміздің жетекшілік етіп отырган сыныбымыздың ата-аналарына арналған педагогикалық білімдерді насхаттау үшін әңгімелер мен лекциялар өткізуіміз керек.

Олардың мазмұны ата-аналардың талаптарына, оқу-тәрбие жұмыстарының нақтылы міндеттеріне байланысты болады.

Әңгімелер мен лекциялар жүйелі түрде белгілі бағдарлама бойынша өткізіліп отырса гана көздең мақсатына жете алады. Мысалы: «Ата-аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі туралы», «Балаларды ұқыптылыққа үйрету», «Үлкендерді сыйлауға үйрету», «Баланың мінез-құлығын тәрбиелеу туралы», «Сыныптан тыс окуға қалай басшылық жасау керек» т.б.

Бала өнегелі болса, сөз жок, ол көрікті болады. Сіз, құрметті ата-ана, ұлыныздың немесе қызыныздың мектепте нашар оқығанын қаламайтыныңыз белгілі. Кейде, немесе, күнде балаңыз «2» деген нашар баға алса, онда оған ренжисіз, сөгесіз, тіпті тілдеп те жібересіз.

Сондай кезде баламен ұрыс-керіс тудырмай-ақ түсінісіп, жөн сілтеуге бола ма? Әрине, болады.

Ендеше психологиялық-педагогикалық тұрғыдан берілетін төмендегі 14 кеңеске құлак түріңіз:

1. Таңертен (не түсте) сабакқа барапында баланы жайлап қана оятыңыз. Сіздің биізүңініз бен күлкінің-ақ ұйқысын ашуы тиіс. Кешегі бір теріс қылықтарын айтып, басқа түкке тұрмайтын нәрсеге жүйкесін жүқартпаңыз.

Тамагын ішпей жатып ұрыс-керіс ұйымдастырмаңыз.

2. Егер баланың сабактан кешігетіндей болып жатса, онда «Бол да болдың!» астына алып айғайламаңыз. Оны ертерек оятпаған өзіңіз кінәлісіз.

3. Баланы сабакқа (әсіресе таңертен) ашқұрсақ жіберменіз;

4. «Бұзық болма!», «Қисаландамай тыныш жүр!», «Бүгін 2 алсан құртамын!» деген ескертулерді жі айта берменіз. Керісінше, оған жылу сыйлап, жақсы баға алып келуіңе тілекtestіk білдіріңіз;

5. Есіктен кірмей жатып, «Бүгін қандай баға алдың?» деп бас салып балыңызды сұрақтың астына алмаңыз. Мектептен келген баланыңды қөнілді қарсы алыңыз, оның сабактан шаршап келгенін ескеріңіз.

Егер бала әлденеге ренжіп келсе, бірденені айтпақшы болса, «сені тындауға уақытым жоқ» демей, арнайы қөніл бөліп, мұқияттыңдаңыз;

6. Бала бірденеге ашууланып жүрсе, үндеменіз. Сабасына түскен соң, ол болған жайды өзі-ақ айтады;

7. Бала бірденеге қылығы үшін мұғалім сізді шақыртып алса, өзара әңгімеге баланы катыстырмаңыз;

8. Мектептен келе сала баланы отырғызып қойып сабакқа дайындалтпаңыз. Олар да 2-3 сағат ойнап, демалған жөн, түste ұйықталтынықсын. Бесін мезгілі-сабакқа әзірленудің сәтті кезі.

9. Бір мезгілдіе барлық сабакқа әзірлену талап етпеніз. Әр сабакқа әзірленген кезде үзіліс жасау дұрыс;

10. Сабакқа әзірленіп жатқан баланың желкесінен төніп тұрмадаңыз. Дөрекі сөйлеменің Одан да көмектесіп, бірлесіп дайындалыңыз.

11. «Егер, сен, осы сабакты орында масан!» деп басталатын тәртіпке шақыру баланың жүйкесіне әсер етеді. Одан да өзіңіз кіріспі, жайлап жетектеп отырыңыз.

12. Күнде жарты сағат ештеңеге аландамай балаларыңызбен емін-еркін, жақын тартып әңгімелесіп тұрыңыз.

13. Баланыңдың қөніл-күйі нашар болса, онда бірден назар аударыңыз. Ол сабактан зорығуы мүмкін.

14. Егер баланы айтқаныңды тындармайтын болса, онда ұстазымен, психолог маманымен, дәрігермен кеңесіңіз.

Халық даналығында:

«Баланы 5-ке дейін патшандай көтер,

15-ке дейін құлыштадай жұмса,

15-тен кейін досындағы сыйла,» - деген керемет ұлағатты нақыл бар. Соны әрдайым басшылыққа алыңыз.

Бала бойындағы жагымсыз мінез-құлыштар үнемі есепке алынса;

ата-ана мен мұғалім бірлікте болып, баланың жақсы, жагымды істерін ылғи марапаттау қажет.

Коршаған ортадағы теріс әрекеттерден үнемі сақтандырып отырса, мұғалім мен ата-ана әрқашан сергектік, шыдамдылық танытып, жан жылуын беріп, шеберлік көрсете білсе, онда балаларымыз өзімшіл болмай, қындықтан қаштай, міндettі мен парызын орындастын ұрпак болары анық.

Ата-аналар кодексінде:

-Ата-ана ерекше жағдайдаға емес, тәрбиемен ұдайы айналысуға міндettі;

-Баланы тәрбиелеу үшін ата-ана өзіміз тәрбиелі болуымыз керек. Тәрбие беру-ақыл айту емес;

-Баланы жақсы көргендізінізді мейірімді, жылы сөзбен жеткізіп отырыңыз;

-Мектептегі жағдайды жақсарту мақсатында ұсыныстар айтуда құқының бар.

-Қателігін түсіне білетін,

Дұрыс жүріп, күтіне білетін,

Үлкенді сыйлап, кішіні сүйетін,

Білімді жинап, дүниені шолатында, - балаларыңыз, үлкен азамат болып өссің!

Сөз сонын ұлы ұстаз Макаренконың: "Баламен шындалап сөйлесу үшін орын мен уақытты таңдай біліңіз.

Кіре берістегі, жол-жөнекей айтылған сөз бала көнілінде керекті із қалдырмайды деген",

- парасатты ойымен түйіндеңеді жөн көрдім.

Ата-аналарға арналған этикалық кодекс

1. Мектеп білім ошагы екенін есте ұстаңыз.
2. Мұғалімнің қогамдағы рөлін бағалаңыз, қолдау көрсетініз.
3. Бала тәрбиесі тек мұғалімнің ісі емес, ортақ іс екенін ұмытпаңыз.
4. Мектеп туралы, мектепте болған жағдай туралы анық-қанығына көз жеткізбей тұрып бөгде орындарға таратпаңыз.
5. Мектеп – баланыздың екінші үйі екенін түсінсөніз, өзіңізді де сол үйдің мүшесімің деп есептеніз.
6. Мектепішілік және сыныптағы ата-аналар жиналышынан қалыс алмаңыз.
7. Өз баланыздың мектептен тыс уақыттағы өміріне аса үлкен жауапкершілікпен қараңыз.
8. Баланың сапалы білім алсын десеңіз оған мектепке қажетті құрал-жабдықтарын уақытылы әперіңіз.
9. Баланыздың денсаулығы мен жеке басының тазалығына және киіміне жауапты қараңыз.
10. Өз уақытымен баланыздың оку процесін, құнделігін, дәптерін қадағалап отырыңы.
11. Егер мектепке сабак уақытында келсеніз, сынып жетекшісін немесе баланызы арнайы күту орнында күтіңіз.
12. Өз мүмкіндігінде жеке мектепте өтілетін, қала көлемінде өтілетін мерекелік шараларға, байқауларға қатысыңыз.
13. Өз еріктерімен әрбір ата-ана мектепке үйымдастыруышылық, ақпараттық және материалдық көмек көрсете алады.
14. Мектеп ішінде, сыныпта бола қалған қын мәселелі жағдайларда оны мынадай тәртіппен шешуге тырысыңыз:
 1. Сынып жетекшісі;
 2. Пән мұғалімі (кәжет жағдайда);
 3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
 4. Әлеуметтік педагог;
 5. Мектеп басшысы.

**№51 Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебі мемлекеттік мекемесінің
ата-аналар комитетінің төрағасы мен мүшелері туралы**
М Э Л И М Е Т

№	Аты-жөні	Туган жылы, айы, күні	Жұмыс орны, қызметі	Білімі	Мекен жайы, телефоны
1	Төреканов Ұлықбек	17.01.1968ж	Жеке шаруа иесі	Арнаулы орта	С. Саттаров ауылы 8702-3658494
2	Сенбеков Шардарбек	02.03.1965ж	«Ошақты» а/о ауруханасының психологы	Арнаулы орта	Әбдіхан ауылы 8701-6596570
3	Алимов Бердібек	01.08.1969ж	№1 Спорт мектебінің жаттықтырушысы	Жоғары	С. Саттаров 1 ауылы 8775-5700300
4	Әлімқұлов Нұрғали	26.08.1978ж	Жеке шаруа иесі	Арнаулы орта	Үшагаш ауылы 8702-5362778
5	Керімбеков Серікқали	20.02.1984ж	Жеке шаруа иесі	Арнаулы орта	Тоғызбай ауылы 8702-3924574

Мектеп директорының у.м.а :



Н. Қамбаров

Бекітемін:

Мектеп директорының у.м.а.

Камбаров Н.

**№51 Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
мемлекеттік мекемесінің мектеп әкімшілігі мен ата-аналар кеңесінің
2023-2024 оқу жылында бірлесіп атқаратын жұмыстары**

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ата-аналар жиналышын откізу	Қыркүйек	Камбаров Н
2	Ата-аналар комитетін сайлау	Қыркүйек	Камбаров Н
3	Белсенді ата-аналарды анықтау	Қыркүйек	Камбаров Н
4	Оларды мектеп жұмысына қосу	Үнемі	Камбаров Н
5	Ата-аналар үшін стенд жасау	Қазан	Сынып жетекшілер
6	Ата-аналар жиналышына көрмелер, концерттік бағдарламалар дайындау	Оқу жылы басында	Камбаров Е Битанова С
7	Ата-аналар мен оқушылар сайысын үйымдастыру	Жылына екі рет	Камбаров Е Битанова С
8	Отбасы жағдайларын зерттеу, көмек беру жұмыстарын жүргізу	Жылына екі рет	Рахым F
9	Ата-аналар сіздер үшін деген тақырыпта дөнгелек үстел үйымдастыру	Қараша	Сейілбекова Ш Райсов К
10	Қайырымдылық акциясын үйымдастыру	Наурыз	Рахым F
11	Ата-аналар үшін "Ашық есік" күндерін белгілеу	Оқу жылышында	Сынып жетекшілер
12	ҰБТ-га оқушыларды дайындауда ата-ананың рөлі	Үнемі	Есенқұл Т
13	Ата-аналарды компьютерлік сауаттылыққа үйрету, оқыту	Үнемі	Абдулла Р Абатов Н
14	Ауыл, ел тұргындарын "Жасыл ел" бағдарламасына катыстыру	Үнемі	Камбаров Н
15	Құқық бұзушылық және төтенше жағдайларды болдырмау мақсатында іс-шара белгілеу	Үнемі	Камбаров Н Скендеров А Райсов К
16	Ауыл тұргындарын көркем әдебиет оқулықтарына қызығушылығын арттыру	Үнемі	Сейілбекова Ш
17	Көп тілділік: казак тілі, орыс тілі, ағылшын тілдерін білу - бүгінгі күннің талабы.	Үнемі	Мектеп әкімшілігі Пән мұғалімдері
18	Мерекелік күндерге ата-аналарды қатыстыру	Кезінде	Мектеп әкімшілігі
19	Білім сапасын көтерудегі ата-аналардың рөлі	Үнемі	Мектеп әкімшілігі

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары:

Камбаров Н

Бекітемін:

Мектеп директорының у.м.а:  Н. Қамбаров

**№51 Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТИН МЕКТЕБІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ 2023-2024
ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ
ЖОСПАРЫ**

№	Отырыс-тар	Мерзі - мі	Күн тәртібінде	Жауаптылар
1	1-отырыс	Кыргүйек	1. Ата-ана комитетін күру	Қамбаров Н
			2. Ата-аналар комитетінің жоспарын күру	Қамбаров Н
			3. Ата-анамен сынып жетекшінің міндеттерін айқындалап беру	Сынып жет. бірлест. жетекшісі
			4. Оқушы тәртібі, формасы, сабакқа қатысуы т.б.	Битанова С
			5. Баяндама: «Отбасында бала тәрбиесіне қаншалықты қөніл бөлінуде»	Райсов К
			6. «Бала енбегінің қаналуы» (Баяндама)	Рахым F
			7. Техникалық қауіпсіздік ережелері туралы	Қамбаров Е
			8. Оқушыларды ҰБТ-га дайындау туралы	Есенқұл Т
2	2-отырыс	Караша	1. Оқушылардың қоғамдық пайдалы енбекке қатысуын бақылауга алу.	Қамбаров Е
			2. Мектептін материалдық базасы	Құрбанбеков П
			3. «Ата-ананың бала алдындағы міндеттері» (Баяндама)	Рахым F
			4. Ата-аналардың мектеппен байланысы жайлы анализ	Қамбаров Н
			5. Оқушы тәртібі, формасы, сабакқа қатысуы т.б.	Битанова С
			6. Баяндама: "Ата-ана - баланың бас тәрбиешісі"	Қамбаров Н
			7. Бала тәрбиесіне арналған әдебиеттер көрмесін үйымдастыру	Сейілбекова Ш
3	3-отырыс	Кантар	1. Ата-аналар үшін ашық есік күндерін үйымдастыру	Қамбаров Н
			2. "Жасыл ел" бағдарламасы жайлы	Рахым F
			3. Оқушылардың ҰТ-ке дайындау туралы	Есенқұл Т
			4. Баяндама: "Оқушыларды ұлттық патриотизмге тәрбиелеу"	Скендеров А
4	4-отырыс	Сәуір	1. 2023-2024 оқу жылын үйымшылдықпен аяқтау туралы	Қамбаров Н
			2. Оқушылардың мемлекеттік ҰТ-га дайындықтары туралы	Есенқұл Т
			3. "Соңғы коныру" мерекесін, оқушылардың мектеппен коштасу кешін үйымдастыру	Қамбаров Е Битанова С
			4. Техникалық ережелер туралы	Рахым F

Мектеп директорының тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары:  Н. Қамбаров.

Ата-аналар комитетінің төрағасы:  Ұ. Төреканов.

**№51 Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі мемлекеттік
мекемесінің жалпы ата-аналар жиналысының**

Хаттамасы №1

С. Саттаров ауылы.

« 6 » « 09 » 2023 жыл.

Жиналысқа қатыскандар: ата-аналар мен мұгалімдер.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар үйымының құрамын сайлау. (Қамбаров Н)
2. Ата-аналар үйымының жоспарын күру. (Қамбаров Н)
3. Ата-ана мен сынып жетекшілерінің міндеттерін айқындал беру. (Тұрдымұратова Х)
4. Оқушылардың тәртібі, мектеп формасы, сабакқа қатысуы т.б. (Битанова С)
5. «Отбасында бала тәрбиесіне қашалықты қоңіл болінуде» Баяндама (Райсов К)
6. «Бала енбегінің қаналуы» Баяндама. (Рахимов F)
7. Техникалық қауіпсіздік ережелері. (Қамбаров Е)
8. Оқушыларды ҮТ-ке дайындау туралы (Есенқұл Т)

Тындалды:

1. Мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы әрі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Қамбаров сөзге шығып мектеп пен ата-ана бірлесе отырыш көптеген жұмыстар аткару керектігін айтты етті. Бала тәрбиесінде алдымен ата-ана ролінің маңыздылығы белгілі. Сондықтан әрдайым қарым-қатынаста, бір-бірімізben хабардар болуымыз керек.

Ал енді, ата-аналар үйымының құрамын дауыс беріп сайлап алсақ. Ата-аналар үйымының төрағасы болып Төреканов Ұлықбек, мүшелері Құрбанбеков Тұрар, Сенбеков Шардарбек, Сәтбаев Мейірхан, Әлімқұлов Нұргалиды ұсынып отырмыз.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Қамбаров екінші мәселе бойынша сөз алды ата-аналар үйымының 2023-2024 оку жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен таныстырыды. Ондағы қойылған мәселелердің маңыздылығына тоқталды. Сонымен бірге ата-аналар үйымының отырыстарындағы қойылған өзекті мәселелерге тоқталды. Жиынға қатысушылардан өзгертулер мен толықтырулар қажет ететін жағдайлар болса ұсыныс жасауды талап етті. Жиынға қатысушылар жаңа оку жылындағы ата-аналар жиналысы жоспары мен мектеп әкімшілігі мен бірлесіп атқаратын жылдық жұмыс жоспарын бірауыздан құлтады.

3. Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі Х. Тұрдымұратова шығып ата-аналар мен сынып жетекшілерінің міндеттеріне тоқталды. Экрандағы міндеттерді оқып таныстырыды. Мектеп пен ата-ана және сынып жетекші бірлесіп жұмыс атқарғандаға жаңа жұмыс нәтижелі, жемісті болатындығын айтты.

4. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп тәлімгері С. Битанова сөз алды. Ол өз сөзінде Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігі орта білім беру үйымдары үшін міндетті мектеп формасын кио туралы талаптарды бекіткенін айтты. ҚР Білім және гылым министрінің 2016 жылғы 19 қантардағы (Білім берудің зايырлы сипатын іске асыруға және орта білім беру үйымдары білім алушыларының арасында әлеуметтік, мұлтқын және басқа да өзгешеліктердің белгілерін жоюға бағытталған) мазмұнындағы №26 бүйрігін негізге ала отырып, мектеп формасына үлдардың пиджак, жилем, шалбар, күнделікті жейде, қыздардың пиджак, жейде, юбка, сарафан, классикалық жейде, водаласқа кио керектігін айтты.

Сонымен бірге мектеп формасына қойылатын талаптар климаттық жағдай, оқу сабактарының өткізу орны және оқу гимаратындағы температуралық режим ескерілетінін түсіндірді. Ата-аналар мен мектеп ұжымы бірауыздан оқушылардың жогарыдағы талаптар бойынша киінуіне бірауыздан келісті.

Сондай-ақ тәртібі мен сабакқа қатысуына ата-ананың ролі жогары екендігін айтты. Перзенттің келішегін ойлаган әрбір ата-ана мұндай жауапкершіліксіздікке жол бермеуі тиіс. Оның басқаның емес өзінің ұл-кызы екендігін естен бір мезетте шыгармаганы дұрыс. Бала ұядан не көрсе ұшқанда соны алады деген мысалмен әрбіріміз өз отбасынызға жауапты болуга шақырамын. Қолдан келіп жатса көршіге, ағайынга қол ұшын беріп жатсак иұр үстіне иұр.

№51 ІІ. Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі мемлекеттік мекемесінде кәмелетке толмаган жасоспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатындағы 2023-2024 оку жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес ата-апалармен бірге откізілген жиналышының

ХАТТАМАСЫ

Еткізілген күні : 27.09.2023ж
Катыскандар: 43 С. Саттаров ауылы

Күн тәртібі:

1. Жинальсты ашып, тақырыппен таныстыру: МДум.а: Н. Қамбаров
 2. «Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет»
 3. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында :
педагог-психолог К. Райсов
 4. «Бала құқығын корғау» тақырыбында баяндама тақырыбында:
Келес АПБ ЖПК ЮПТ ага инспекторы , полиция капитаны Д.Ж. Тогызбаев
 5. Басқада мәселелер бойынша : МДТІЖО: Н. Қамбаров

1. Құн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры м.у.а: Н. Қамбаров аудан көлемінде, соның ішінде №51 ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі мемлекеттік мекемесінде кәмелетке толмагандар арасындағы және кәмелетке толмагандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепшілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар аткарылып жатқандығын және алдағы уақытта да жыл көлемінде жүргізілетіндігін айтып сезін бастады. Н. Қамбаров жинальстың құн тәртібімен мақсат міндеттерімен таныстырып етті. Ол сез барысында Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен еке және бала мемлекеттің коргауында болады. Алайда бүтінгі таңда баланың денсаулығы мен өміріне қауіп әлі де жогары. Соңғы кездері кәмелетке толмагандарға катысты заңға қайши әрекеттер факторлары жиіленип кетті. Жыл сайын жұздеген бала қылмыстың құрбаны болады . Оку орындарында немесе оның манайында болатын құқық бұзушылық алаңдатушылық тудыруды. Сонымен катар казіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын галамторға, үялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткіzetіндігін, кейір кездегі галамторға жағымсыз жаңалықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзкарасы, психологиясы өзгеріп, үрлық-зорлық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондыктan әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп акпараттардың тез тарағайтынын, балаларының үялы телефонында тыбым салынған сайттарға кіріп-шығу, колдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аударуларыңызды сұранамын деп сезін аяқтады.

2. Құн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры м.у.а: Н. Қамбаров аудан көлемінде, соның ішінде №51 ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі мемлекеттік мекемесінде кәмелетке толмагандар арасындағы және кәмелетке толмагандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепшілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар аткарылып жатқандығын және алдағы уақытта да жыл көлемінде жүргізілетіндігін айтып сезін бастады. Н. Қамбаров жинальстың құн тәртібімен мақсат міндеттерімен таныстырып етті. Ол сез барысында Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен еке және бала мемлекеттің коргауында болады. Алайда бүтінгі таңда баланың денсаулығы мен өміріне қауіп әлі де жогары. Соңғы кездері кәмелетке толмагандарға катысты заңға қайши әрекеттер факторлары жиіленип кетті. Жыл сайын жұздеген бала қылмыстың құрбаны болады . Оку орындарында немесе оның манайында болатын құқық бұзушылық алаңдатушылық тудыруды. Сонымен катар казіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын галамторға, үялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткіzetіндігін, кейір кездегі галамторға жағымсыз жаңалықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзкарасы, психологиясы өзгеріп, үрлық-зорлық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондыктan әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп акпараттардың тез тарағайтынын, балаларының үялы телефонында тыбым салынған сайттарға кіріп-шығу, колдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аударуларыңызды сұранамын деп сезін аяқтады.

Н. Қамбаров «Құқық бұзушылықтың алдын алу- басты міндет» тақырыбында үлдер және қыздар тәрбиесі жайлы сөз бастады. Жиналыс барысында қәмелетке толмаган балалардың қауіпсіздігін камтамасыз ету мақсатында аудандық және мектепшілік түрлі тақырыптарда іс-шаралар өтіл жатқандығын және алдагы уақыттарда жүргізілетіндігін айтып өтті. Онда Бала құқығын бекітеп Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Қәмелетке толмагандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадагалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» және тағы басқа да зандар жатады. Қәмелетке толмагандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында сыншыл жетекшімен тығыз байланыста болу, ата-анасыз (занды екілсіз) шыклауын, КР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі 442-1, 442-2 баптарында көрсетілген талаптарды орындаш, тұнғы сағат 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін ойын-сауық орындарына бармауын, үйден тыс жерде жалғыз журмеуін қадагалауды, жалпы балаларды құнделікті қадагалау керек. Ата-ана әрқашан мектеппен тығыз байланыста болып балаларды қауіпсіздігін құя-аналар таралынаң камтамасыз ету жәнеттігін айтып өтті

Хаттамасы №2

С. Саттаров ауылы.

« 3 » « 11 » 2023 жыл

Жинальска катыскандар: мектеп экімшілігі, ата-аналар мен мұгалімдер.

Күн тәртібіндегі:

1. Окушылардың көгамдық пайдалы енбекке катысуын бақылауга алу.
2. Мектептін материалдық базасы.
3. Ата-ананың бала алдындағы міндеттері. (Баяндама)
4. Ата-аналардың мектеппен байланысы жайлы анализ.
5. Окушы тәртібі, формасы, сабакқа катысуы.
6. «Ата-ана – баланың бас тәрбиесі» Баяндама.
7. Бала тәрбиесіне арналған әдебиеттер көрмесін ұйымдастыру.
8. Кезектегі мәселелер. ҮТ-ке, ББЖМ -га окушыларды дайындау туралы.

Тыңдалды:

1. Мектептін ұйымдастырушы педагогы Е. Қамбаров сөзге шығып окушылардың көгамдық пайдалы енбекке баулу мәселесін жүйеге түсіру керектігін айтты. Енбек тәрбиесінің теориясын жасауда басты рөл аткарган К.Д. Ушинский болды. Ол өзінің енбегінде адамның жан-жақты дамуы үшін енбектін манызының зор екендігін көрсетті. К.Д. Ушинский өзінің "Енбектің психикалық және тәрбиелік мәні" деген мақаласында енбек тәрбиесінің мәнін арнайы карастырады: Ал "Балалар әлемі", "Ана тілі" окулықтарында осы тәрбие жөнінен балаларға арналған сан алуан материалдар жазды.

К.Д. Ушинский талаптарының ен бастыларының бірі - енбек-сүйгіштікке, енбек ете білуге және енбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Кімде-кім пайдалы енбекпен айналысса, сол адам көгамның лайыкты азаматы бола алады деп білді Ушинский баланың санасына сәби кезінен-ақ, енбек етудің қажеттілігі мен маныздылығын ұялатуды, пайдалы іс істеуге тырысуышылыққа және қандай істе болса да шын ииетпен және ұқыпты орындауға тәрбиелеуді ұсынды.

Енбек тәрбиесінің ен басты да, негізгі міндеттерінің бірі - жасөспірімдерді көгамдық пайдалы, ауыл шаруашылығының жетістіктерін жете түсіну және оған өздері тікелей араласу, өндірісті білу, онымен жұмыс істеу тәжірибелін бойына сініріп отыру дейді. Сондай-ақ, ол "Балалар жұмыс істейтін багы, бақшасы, аз да болса жері жок мектеп шын мәніндегі мектеп бола алмақ емес", - деп атап көрсетті. Сонымен бірге Ушинский ой енбегі мен дene енбегінің алмасып отыруына да ерекше мән берді. "Ой енбегінен кейін дene енбегімен айналысу жанга жайлы гана емес, ол өте пайдалы тынығу" - деп есептеді.

Қазак агартушыларының бірі Ы.Алтынсарин педагогикалық тақырыптағы олеңдері мен әңгімелерінде, аудармаларында өнімді енбек - енбек тәрбиесінің құралы деп тұжырым жасады. Абай нағыз пайдалы енбек деп әр түрлі қолөнерді, егіншілікті және білім алуды, окуды есептеді. Ақыл-білім алу курделі енбек арқылы келеді деп философиялық тұжырым жасады.

Ол жастаңды ен алдымен отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді маңызды рөлін ерекше бағалады.

Енбектің бейнеті мен зейнетін басынан откізген халқымыз баланы енбекке тәрбиелеуді отбасынан бастаған. Ер бала мен кыз бала тәрбиесін бөлісіп алған.

Мектепте енбекке тәрбиелеу - тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Енбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, мектеп окушыларының көгамдық пайдалы өнімді енбекке тікелей катысуы окуга деген саналы қозқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің жеке адамды адамгершілік және зиялыштырылған қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады, осымен қатар мұны енбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет.

Енбек тәрбиесінің негізгі мақсаты - жас жеткіншектерге енбек туралы тәрбие беру және жеке адамды жан-жақты дамыту.

Енбек тәрбиесінің мақсаты енбекке даярлау гана емес, сонымен қатар жас жеткіншектерді біліммен, іскерлікпен және дағдымен мен қаруландыру қабілеттілігін дамыту, мамандық таңдауга көмек беру болып табылады.

ХАТТАМАСЫ

Достық ауылы

24 мамыр 2024 жыл, сағ.15-00

Жиналыска катыскандар: мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер, бітіруші сынып окушыларының ата-аналары

Жиналыс төрагасы: Т. Есенқұл

Хатшысы: С. Керімбеков

Күн тәртібі:

- «Соңғы конырау» мерекесі қарсанында қаржы жинау фактілерінің алдын алу.
- «Соңғы конырау» мерекесі күнгі қауіпсіздік бойынша рейдтік әс-шаралары.

Тындалды:

Тындалды: Т. Есенқұл - мектеп директоры, құрметті ата-аналар, ұстаздар, міне 11 сынып окушылары мектепті бітіру қарсанында тұр. Оку жылының аяқталуы Оку-агарту министрінің шешімімен 24 мамыр күні 1-10 сыныптар арасында Бірыңғай сынып сағаты ретінде өтілді. 11 сынып бітірушілері үшін 25 мамыр күні яғни, ертең Соңғы конырау мерекесі үйымдастырылады. Мерекені өткізу барысында ешқандай астамшылыққа жол берілмейді. Еліміздегі орын алып жатқан төтенше жағдайларға байланысты шагын түрде гана атап өту қажеттігін назарларыңызға жеткіземін.

Келесі мәселе 2023-2024 оку «Соңғы конырау» мерекесіне байланысты ұстаздарға, сынып жетекшілерге сыйлық т.б. заттар алу мақсатымен ата-аналардан немесе окушылардан ешқандай каражат жиналмайды, анықталған жағдайда тәртіптік шаралар көрілетіндігін ескертемін.

Тындалды: Н. Қамбаров директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, құрметті ата-аналар және ұстаздар. Соңғы конырау мерекесі қарсанында окушылардың кортеж жасап көшеде журулеріне және кафелерде банкет жасауга, табиғат аясына шығуға, су қоймалары мен өзен-көлдерге шомылуға қатаң тыйым салынып отыр. Осы жағдайды ата-аналар қатаң назарға алып, балаларыңызға ескертіп отырсаңыздар, алайда біз қанша ескерткенімізben, жасырын түрде жасауы мүмкін. Сондай-ак бітіруші тұлектердін форма, лента т.б. киім үлгілерін қадағаласаныздар! Метеп жарғысында көрсетілген мектеп формасына қойылатын талаптардың сақталуын қадағалап, тыйым салынған киімдер орамал, хиджал, некап т.б. қатаң тыйым салынған киім үлгілері болмауы қажет. Сондықтан үл-қыздарынызды үнемі бақылауда ұстап, ескертіп отыруларынызды сұранамыз. Аудан қөлемінде 24-26 мамыр күндері қатаң режимде рейдтік іс-шара жүргізілетіндігін де ескертемін.

Тындалды: Ү. Туреканов, ата-аналар комитетінің төрагасы, құрметті ата-аналар және ұстаздар, кеңес мүшелері. Елімізде су тасқыны орын алып жатқан кезде Соңғы конырау мерекесін артық шығынсыз шагын гана жағдайда өткізгеніміз өте орынды болады, мерекеге байланысты ата-аналардан ешқандай каражат жинамай, қаралайым форматта өткізгеніміз орынды. Сондықтан бәріміз мерекені түсіністіклен қарап, артық шығынсыз және даңғазасыз өткізгеніміз өте дұрыс болады. Үл-қыздарымызға ақ жол тілеп, жиынды ауызбіршілікпен өткізейік. Осы жогарыдагы мәселелерді қорыта келе қаулы етеді.

Каулы:

- Мектепте Соңғы конырау мерекесі артық шығынсыз, шагын түрде үйымдастырылысын.
- Мерекеге байланысты ақша жинауга қатаң тыйым салынсын.
- Рейдтік іс-шара кестеге сәйкес өз дәрежесінде өткізілсін.

Жиналыс төрагасы:

Т. Есенқұл

Хатшысы:

С. Керімбеков

«№51 Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша ата-аналар жиналысының

ХАТТАМАСЫ №3

С. Саттаров ауылы.

« 19 » «01» 2024 ж.

Жиналысқа қатысқандар: мектеп әкімшілігі, ата-аналар мен мұгалімдер.

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар ашық есік күндерін ұйымдастыру. (ДОТДЖО-лары Н. Қамбаров)
2. Көгалдандыру, көріктендіру жұмыстары бағдарламасы жайлы. (Б. Арын)
3. Оқушылардың ҰТ-ке, ББЖМ-га дайындығы туралы. (ДОДЖО-ы Т. Есенқұл)
4. Оқушыларды ұлттық патриотизмге тәрбиелеу туралы (АӘД мұгалімі А. Скендеров)
5. Кезектегі мәселелер.

Тындалды:


1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Қамбаров сөз алғып: « Мектеп пен ата-аналардың байланысын күштейтін тәсілдердің бірі осы ашық есік күндерін ұйымдастыру деп ойлаймын. Өйткені ата-ана баласының сабагына еніп көз алдында сабагына, тәртібіне, қабілетіне, білім деңгейіне өзі күе бола алады. Нәтижесінде сыйып жетекшісімен, пән мұгалімімен өзара байланысын күштейтеді. Мұндай ашық есік күндері әр жылды ұйымдастырылады. Ата-аналар өз балаларының сабактарына енеді. Жыл басындағы мектеп директорының бекіткен жоспарымен жұмыс жүргізіледі. Ата-ана қалаган уақытында оку ісі жөніндегі орынбасарынан рұқсат алғып перзентінің сабагына қатысу мүмкіндігіне ие. Сонымен бірге тәрбие сағаттарына да қатысады. Тіпті аудандық білім бөлімі басшысының тапсырмасымен мектепте «Пилоттық жоба» яғни, тәрбие сағаттарының ата-аналар тарапынан өтілу кестесі түзілген. Бұл жобалар мектеп пен ата-ана байланысын нығайтатынына сенімдімін», - деді.

2. Екінші мәселе бойынша мектептің көгалдандыру штабының тәрағасы Б. Арын сөз алды. Ол өз сөзінде: «**КӨГАЛДАНДЫРУ** – қала, ауыл, тағы басқа елді мекендерде ауаны тазарту, көлеңкелеу үшін агаш, бұта, гүл, көгал есіру. Құрылыш аяқталғаннан кейін жүргізілетін Көгалдандыру жұмыстары мекенжайларға әсем көрініс береді, шудан, күннен, шаңнан, тағы басқадан қоргайды, санитарлық-гигиеналық рөл аткарады. Фылыми деректер бойынша белгілі бір аймактың 15%-ы көгалдандырылса, шаң-тозаңның мөлшері 20%-ға кемиді, 35%-ға өсімдік өсірілсе, шаң 50%-ға азаяды, ал 65%-ға өсірілсе, шаң 95%-ға кемиді. Жол жагалауларына отырғызылған ағаш пен бұталар, гүлдер мен көгал ауадағы көмір қышқыл газды сініріп, ауаны оттегімен байытады, шуды азайтып, мекенжайды желден, күннен және шаңнан қоргайды. 1 га жасыл алқап 1 сағатта ауадан 8 кг көмір қышқыл газын бойына сініреді. Кейбір ағаштар өздері айналасына тарататын фитонцидтері арқылы ауадағы зиянды микроорганизмдерді жойып, оны адамның денсаулығына қолайлы иондармен байытады. Мұндай ағаштар қатарына қылқан жапырақты қарагай, шырша, Сібір балқарагайы, тағы басқа жатады. Көгалдандыру жұмыстарын жүргізгенде міндетті түрде көгалдандырылатын алқаптың ауа райы, топырак құрамы, жер бедері сияқты ерекшеліктері ескеріледі, суаруга қажетті су көздері қарастырылады.

Мектеп территориясының көгалдандыру мәселесінің маңызы зор. Себебі балалар 6-жасынан мектепке келіп, 11-жыл өмірін осы жерде күнделікті өткізеді. Осы жерде білім алғып, күніне 5-6 сағат осы мектеп территориясында болады. Демек, мектеп территориясында көгалдандыру жұмыстарын дұрыс жүргізу арқылы, қолайлы экологиялық жағдай жасаудың маңызы арта түспек. Міне, бүгінгі баяндамамыздың өзектілігі де осында. Көгалдандыру жұмыстарын жүргізгенде төмендегі мәселелерді ескеру керек.

Оны мына 1-ші кестеден коруге болады:

1. Жергілікті жердің табиғи климат жағдайы .
2. Жердің географиялық орны .
3. Топырак құнарлығы .



«№51 Ы. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша кезектен тыс ата-аналар жиналысының

Хаттамасы

С. Саттаров ауылы.

«2» «05» 2024 жыл.

Жиналысқа қатысқандар: жалпы ата-аналар мен мұғалімдер, 11 сынып окушылары.

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оку жылында сыныптарды жөндеу жұмыстарына ата-аналардан заңсыз ақша жинаудың алдын алу.
2. 25 мамыр «Соңғы қоңырау» мерекесіне орай түрлі себептермен қаржы жинаудың алдын алу.
3. Әртүрлі мәселелер.



Тындалды:

1. Мектеп директорының м.у.а М. Наметжан жиналысты ашып, бірінші мәселе бойынша сөз алды.

Ол өз сөзінде мектептің жөндеу жұмыстарына ата-аналардан қаржы жинақтау әлдекашан тоқтатылғандығын ескертті. Бұл мәселе бойынша жыл сайын ескертіліп, алдын алу жұмыстары жүргізілетіндігін айтты. Эр жыл сайын жаңа оку жылына мектептің жөндеу жұмыстарына тиісті мекемелерден қажетті қаржы бөлінеді. Ешбір ата-анадан немесе қызметкерлер мен окушыдан қаржы жиналмайды. Жиналған жағдайда тиісті органдарға шағымдануызызга болады. Қазіргі таңда халықтың ой-өрісі кең, заң мен ережені біletіндіктен бұл іске немкүрайлы қарамаса керек. Ақша талап етілген жағдайда да анық қанығына жетпей бере салмайды. Қысқасы, мектепте жөндеу жұмыстарына ешқандай қаржы жиналмайды, жиналған жағдайда анықталып, заң аясында жауапкершілікке тартылатындығын ескертемін- деп сөзін аяқтады.

2. Кезектегі мәселе бойынша директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н. Қамбаров сөзге шықты. «Соңғы қоңырау» мерекесі құнгі тәртіп мәселесі бойынша баянат жасады. Баянат барысында төмендегі тәртіп пен ережені сактау керектігін ескерді:

- ата-аналар мен сынып жетекшілері окушыларды су қоймалары мен арық-атыздарға шомылуға, саяхатқа жібермеу керектігін;
- ата-аналар балаларына көлік жүргізуен қадағалау, рұқсат бермеу;
- ата-аналар мен мектеп ұжымы болып бітіруші сыныптар мен 9-11 сыныптарды көлікпен көше серуеніне шықпауын қатты қадағалау керектігін,- ескерді.



Қазақстан Республикасы Оқу-агарту министрлігі
Түркістан облысы
Келес ауданының білім бөлімі
№51 ІІ. Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ



С. Саттаров ауылы

**«№51 Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммунальдық
мемлекеттік мекемесінің «Ата-аналарды педагогикалық колдау орталығының
жұмысын жүргізу мақсатында құрылған педагогтерден тұратын шығармашылық
жұмыс тобы туралы мәліметі**

Функционалды міндеттері

№	Аты-жөні	Қызметі	Функционалды міндеттері
1	Н. Камбаров	Мектеп директорының у.м.а.	<ol style="list-style-type: none"> «Ата-аналарды педагогикалық колдау орталығын» іске асыру қызметіне басшылық пен бакылауды жүзеге асырады; Бағдарламаны іске асыру мен «Даналық мектебі» клубының қызметіне гылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық қолдауды қамтамасыз етеді. Позитивті ата-ана болу мәдениетін арттырудагы әлеуметтік серіктестікті дамытады. Ата-аналарга арналған курстарға ата-аналардың назарын аудару мақсатында ақпараттық науқан үйымдастырады.
2	Н. Камбаров	Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	<ol style="list-style-type: none"> Ата-аналарды педагогикалық колдау бағдарламасын іске асыру қызметін реттейтін ішкі құжаттарды дайындауды және Бағдарламаны іске асыру қызметін үйымдастырады; Педагогтердің Бағдарлама бойынша сабак өткізуге дайындығы жүзеге асырады; Педагогтер арасында білім беру курсының сабактарын реттейді; «Даналық мектебі» клубының қызметін үйымдастырады; Сабактардың кестесін құрады және реттейді; Мониторингтік зерттеулерге педагогтер, ата-аналар мен балалардың катысуын қамтамасыз етеді; Бағдарламаны іске асыру қызметі туралы ақпараттарды қалады (аудандық) білім бөлімдеріне дайындауды; Бағдарламаны іске асыру аясында ата-аналарға білім алуға мотивация беру мақсатында сынып жетекшілер мен ата-аналармен өзара іс- кимыл жасайды. Ата-аналарға арналған курстарды өткізу үшін педагогтерді оқытуды үйымдастырады.
3	К. Райсов	Педагог-психолог	<ol style="list-style-type: none"> Ата-аналарды педагогикалық колдау бағдарламасын іске асыру қызметі аясында ата-аналарға психологиялық қолдауды қамтамасыз етеді. Бағдарлама бойынша сабактар өткізу үшін тренингтер, work-shop, коучинг сессияларын және басқа да нысандарды өткізуде педагогтерге әдістемелік көмек көрсетеді. Бағдарламаны іске асыру қызметін БАҚ-та және әлеуметтік желілерде насиҳаттайтын.
4	F. Рахым	Әлеуметтік педагог	<ol style="list-style-type: none"> Бағдарламаны іске асыруға ата-аналарды тарту үшін педагогтер және ата-аналармен ынтымақтастықты орнатады. Әлеуметтік серіктестердің катысуына ықпал етеді және бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін шагын участкеде, когамда насиҳаттайтын. «Даналық» мектебіне жетекшілік етеді.
5	Сынып жетекшілер	1-11 сынып жетекшілер	<ol style="list-style-type: none"> Бағдарламаны іске асыруға ата-аналарды қатыстыруды қамтамасыз етеді. Бағдарламаны іске асыру үшіната-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Іс-шаралардың бекітілген жоспар мен сабак кестесіне сәйкес өтуін қамтамасыз етеді

«БЕКІТЕМІН»

Мектеп директорының у.м.а.

Н. Қамбаров

«№51 Ы. Алтынсарін атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (бұдан әрі – Орталық) бойынша түзілген жұмысшы топ мүшелерінің функционалды жауапкершілігі /2023-2024 оку жылы/

№	Аты-жөні	Функционалды міндеттері	Таныстырылған
1	Н. Қамбаров	«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» іске асыру қызметіне басшылық пен бақылауды жүзеге асырады; Багдарламаны іске асыру мен «Даналық мектебі» клубының қызметіне ғылыми-әдістемелік және акпараттық-ресурстық тұргыда қолдауды қамтамасыз етеді; позитивті ата-ана болу мәдениетін арттырудагы әлеуметтік серіктестікі дамытады; ата-аналарға арналған курстарға ата-аналардың назарын аудару мақсатында акпараттық науқан үйымдастырады.	
2	Н. Қамбаров	Ата-аналарды педагогикалық қолдау багдарламасын іске асыру қызметін реттейтін ішкі құжаттарды дайындайды және Багдарламаны іске асыру қызметін үйымдастырады; педагогтердің Багдарлама бойынша сабак өткізуге дайындығын жүзеге асырады; педагогтер арасында білім беру курсының сабактарын реттейді; «Даналық мектебі» клубының қызметін үйымдастырады; сабактардың кестесін күрады және реттейді; мониторингтік зерттеулерге педагогтер, ата-аналар мен балалардың катысуын қамтамасыз етеді; Багдарламаны іске асыру қызметі туралы акпараттарды қалалық (аудандық) білім болімдеріне дайындейді; Багдарламаны іске асыру аясында ата-аналарға білім алуға мотивация беру мақсатында сынып жетекшілер мен ата-аналармен өзара іс- кимыл жасайды; ата-аналарға арналған курстарды өткізу үшін педагогтерді оқытуды үйымдастырады.	
3	К. Райсов	Ата-аналарды педагогикалық қолдау багдарламасын іске асыру қызметі аясында ата-аналарға психологиялық қолдауды қамтамасыз етеді; Багдарлама бойынша сабактар өткізу үшін тренингтер, work-shop, коучинг сессияларын және басқа да нысандарды өткізуде педагогтерге әдістемелік көмек көрсетеді; Багдарламаны іске асыру қызметін БАҚ-та және әлеуметтік желілерде насиҳаттайтыды;	
4	F. Рахым	Багдарламаны іске асыруға ата-аналарды тарту үшін педагогтер және ата-аналармен ынтымақтастықты орнатады; әлеуметтік серіктестердің катысуына ықпал етеді және багдарламаның мақсаттары мен міндеттерін шагын учаскеде, қоғамда насиҳаттайтыды; «Даналық» мектебіне жетекшілік етеді.	
5	Сынып жетекшілер	Багдарламаны іске асыруға ата-аналарды катыстыруды қамтамасыз етеді; Багдарламаны іске асыру үшін ата-аналармен акпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді; іс-шаралардың бекітілген жоспар мен сабак кестесіне сәйкес өтілуін қамтамасыз етеді	

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары:  Н. Қамбаров

«Бекітемін»
Мектеп директорының у.м.а.



Н. Қамбаров

№270 бүйрекка №1 косынша

**«№51 Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ата-аналарды педагогикалық қолдау
орталығының» жұмысын жүргізу мақсатында құрылған педагогтерден тұратын
шығармашылық жұмыс тобы тізімі**

№	Аты-жөні	Қызметі
1	Н. Қамбаров	Мектеп директорының у.м.а
2	Н. Қамбаров	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3	К. Райсов	Педагог-психолог
4	F. Рахым	Әлеуметтік педагог
5	Сынып жетекшілер	1-1.1 сынып жетекшілер

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары:

Н. Қамбаров